

Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласын жылумен жабдықтау мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 тамыз N 1202

Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласын жылумен жабдықтауды тұрақтандыру мен сыйбасын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының

Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрія және сауда министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының жылу көздерін қатты отынға көшіру жұмыстарын қаржыландыру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі

арасындағы 1995 жылғы 20 қантардағы Ядролық материалдарды ұқсату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге сәйкес ядролық оқ-дәрілерді ұқсатудан түскен қаражаттан Шығыс Қазақстан облысының әкіміне 80 (сексен) миллион теңге бөлінсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Икебаева А.Ж.